


# ЖЫЛДЫҚ



# ЕСЕП

"АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ" АҚ

АО "АГРАРНАЯ КРЕДИТНАЯ КОРПОРАЦИЯ"



"АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ" АҚ

АО "АГРАРНАЯ КРЕДИТНАЯ КОРПОРАЦИЯ"

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2015



АЛМАТЫ

2016

# МАЗМҰНЫ

4 Директорлар кеңесі төрайымының үндеуі
5 Басқарма төрайымының үндеуі
6 2015 жылдың негізгі оқиғалары
8 Агроөнеркәсіптік кешен дамуының ағымдағы жағдайы және қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жағдайы
10 Корпорация қызметінің стратегиясы
12 Қызметтің операциялық көрсеткіштері
18 Компания туралы ақпарат
22 Корпорация қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу

Тәуекелдерді басқару жүйесі туралы жалпы ақпарат 24
26 Корпоративтік басқару жүйесі туралы ақпарат
Директорлар кеңесінің қызметі туралы есептер 34
36 Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелері сыйақысының негізгі қағидалары
Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау 38
40 Келешек кезеңге қойған мақсаттар туралы жалпы ақпарат
Қаржылық есептілік 42
52 Қосымша ақпарат

# «АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



*Айгүл Мұхамадиева*
*Директорлар кеңесінің төрайымы*

***Құрметті әріптестер, серіктестер, клиенттер!***

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ құрылу кезінен бастап 15 жыл ішінде жетекші қаржы институттарының біріне айналды және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолжетімді кредит ресурстарын бере отыра, өз қызметінде маңызды табыстарға қол жеткізді.

Бастапқы кезеңде Корпорация кредиттік серіктестіктер жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін кредиттеу бойынша мамандандырылған қаржы институты ретінде жұмыс жасады. Осы жылдары елімізде 176 кредиттік серіктестік құрылды. Бұл отандық шаруаларға қаржы жағдайын жақсартуға, техника, мал және т.б. сатып алуға мүмкіндік туғызды. Қазіргі таңда кредиттеу бағдарламаларының аясы барынша кеңейе түсті және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдаудың барлық басым бағыттарын қамтып отыр.

2015 жылы біз агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеу жүйесін дамытуды жоспарлы түрде жалғастырдық және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне кредит беру көлемін 2014 жылмен салыстырғанда үштен бір бөлікке ұлғайттық.

Директорлар кеңесі мен Басқарманың ортақ жұмысы, өзара тиімді шешімдерді іздеу мен табу Корпорацияның тұрақты дамуы мен барлық алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

Келешекте Корпорацияның, сондай-ақ «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелері алдында республиканың аграрлық секторын инновациялық дамыту, экспорттық әлеует қуаттылығын нығайту, ауыл шаруашылығы өндірісін қарқындату және ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсімі бойынша үлкен міндеттер тұр.

Сөзімді қорытындылай келе, біздің әріптестерімізге, серіктестерімізге және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне өткен жылдағы табысты ортақ қызмет үшін алғысымды білдіремін. Біздің келешектегі ынтымақтастығымыз бұдан да тиімді және жемісті болады деп сенемін. Біз болашаққа жасалған болжамдар мен жоғары сұранысқа сай қызмет көрсетуге барлық күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз.

Мен, бізге жүктелген мақсаттарға қол жеткізуді жалғастыратындығымызды, яғни ауыл бизнесі үшін ең үздік серіктес болатындығымызды, мемлекет экономикасының өсімін қамтамасыз ете отыра, еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін бірлесе дамытатынымызды сеніммен айта аламын.

***Айгүл Мұхамадиева***

*«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ*
*Директорлар кеңесінің төрайымы*

# «АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

***Құрметті әріптестер, серіктестер!***

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ үшін өткен жыл табысты өтті деп сенімді айта аламыз. 2015 жылы біз агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеу көлемін 2014 жылмен салыстырғанда үштен бір бөлікке арттырдық. 4,5 мыңға жуық шаруа қожалықтары өткен жылы 70 млрд. теңгеден артық сомаға қаржыландырылды.

Корпорация «Агробизнес-2020» агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша салалық бағдарламаларды іске асыруға қатысып, ірі қара мал басын көбейту және малдың тұқымдық құрамын жақсарту үшін мал шаруашылығын дамытуға бағытталған «Сыбаға», «Алтын асық» (ұсақ қара малды сатып алу) және «Құлан» (жылқы шаруашылығын дамыту) сынды бағдарламалар бойынша жобаларды қаржыландырды.

Несие ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу және азық-түлік өндірісі бойынша кредиттік серіктестіктерге, кәсіпорындарға берілді. Сонымен қатар шаруаларға көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуге көмек көрсетілді, бұл 2015 жылы 700 мың гектардан астам егін алқаптарына дән сеуіп, күзде егін жинауға мүмкіндік берді.



***Гүлнәз Атамқұлова***
***Басқарма төрайымы***

2015 жылы ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу және азық-түлік өндірісі бойынша шамамен он алты жоба Корпорациядан жалпы сомасы 1,7 млрд. теңгеге қаржыландырылды.

Сонымен қатар, 2015 жылдың нәтижелері бойынша Корпорация екінші деңгейдегі үш банкке бидай өңдеу, бордақылау алаңдарын салу, жемшөп өндіру мен жылқы өсіруді одан әрі қаржыландыру мақсатында 9 млрд. теңге көлемінде қорландыру ұсынды.

2015 жылы кредиттік серіктестіктер жүйесін дамыту аясында екі мыңнан астам жаңа қатысушы тартылған. Серіктестіктердің тармақталған желісінің арқасында, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ең шалғай аудандарда орналасуына қарамастан, өз ісін дамытуға қаражат алу мүмкіндігі бар екендігі баршаға мәлім. Аграршылар өткен жылы серіктестіктер арқылы 25 млрд. теңгеден астам қаражатқа қол жеткізген.

2015 жылдың нәтижелері Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға, жалпы еліміздің экономикасының өсуін қамтамасыз етуге негіз болғанына сенімдімін.

Қазір біз Қазақстанның аграрлық секторына қосымша жеке инвестициялар тарту бағытында жұмыс жасап жатырмыз. Және өткен жылдың нәтижелері біздің болашақтағы табысты қызметіміздің кепіліне айналады деп үміттенемін. 2016 жылы біз республикамыздың агроөнеркәсіптік кешенінің субъектілерін кредиттеудің қолжетімді жүйесін дамыту арқылы аграрлық саланы индустрияландыруға және әртараптандыруға үлес қосуды одан әрі жалғастырмақпыз.

Ұсынылып отырған Жылдық есебімізде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 2015 жылғы жұмысының нәтижелерімен толығырақ танысуға болады, онда тиісті деректер мен фактілер толық көрсетілген.

***Гүлнәз Атамқұлова***

*«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ*
*Басқарма төрайымы*



# 1. 2015 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚР экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиямен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ны қаржы ұйымдарын қорландыру институтына түрлендіру мақұлданған.

КОРПОРАЦИЯНЫҢ ӨНІМДЕР ЖЕЛІСІ КЕҢЕЙТІЛДІ:

- Екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі - ЕДБ) қорландыру;
- Микроқаржы ұйымдары;
- Лизинг компаниялары;
- КС-ті КЕЖ және ЖЖ бағдарламасына қосу.

## 2015

КС ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ЖАҚСАРТУ ҮШІН КОРПОРАЦИЯ КС ҚАУЫМДАСТЫҒЫМЕН БІРЛЕСІП:

- КС дамыту стратегиясының жобасын әзірледі;
- КС қызметкерлерін оқыту бойынша кешенді іс-шаралар өткізді;
- Тәжірибемен алмасу үшін Ресей Кредит одақтарының IX форумына қатысты;
- Кепілдерді жабу коэффициентін 120% бастап 100% дейін өзгертті;
- Соңғы қарыз алушылардың өтінімдерін қарастыру бөлігінде КС-пен бизнес-үдерістерін оңтайландырды.

КЕЛЕСІ БӨЛІКТЕ КРЕДИТТЕУДІҢ БИЗНЕС-ҮДЕРІСТЕРІ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛДЫ:

- Қарыз алушылардың жобаларын қарастыру мерзімі 5 жұмыс күніне қысқартылды;
- Филиалдар лимиттері 30,0 млн. теңгеден бастап 50,0 млн. теңгеге дейін ұлғайтылды;
- Мониторинг рәсімдері оңтайландырылды.

Тәуекелдерді басқару сапасын жақсарту үшін Тәуекелдер тізілімі және Тәуекелдер картасы өзектендірілді, олардың негізінде Корпорацияның негізгі тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданды.

Standard&Poor's халықаралық рейтинг агенттігі Корпорацияның кредит рейтингін халықаралық меже бойынша «ВВ+» және ұлттық меже бойынша «KzAA-» деңгейінде растады. Рейтинг бойынша болжам «Тұрақты».

# 2. АГРООНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН ДАМУЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖАҒДАЙЫ



**Соңғы үш жыл ішінде еліміздің жалпы ішкі өнімі (бұдан әрі – ЖІӨ) шын мәнінде тұрақты өсімді көрсетіп отыр. Осылайша, 2013 жылы ЖІӨ – 35 999,0 млрд. теңгені құрады, 2014 жылы 10,2% өсті және 39 675,8 млрд. теңгені құрады, 2015 жылы – 40 884,1 млрд. теңгені құрады немесе 3,0% артты. Ауыл шаруашылығы үлесінің еліміздің ЖІӨ-дегі өсімі байқалады, 2013 ж. үлес – 6,6% құрады немесе өткен жылмен салыстырғанда өсім 0,2% артты, 2014 жылы – 6,4% құрады немесе шамалы құлдырады, 2015 жылы үлес өсе түсіп, 8,1% құрады.**

## ЖІӨ:

| 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. |
|---|---|---|
| 35 999,0 МЛРД. ТЕҢГЕ | 39 675,8 МЛРД. ТЕҢГЕ | 40 884,1 МЛРД. ТЕҢГЕ |

## ШЫҒАРДЫ ӨНІМДЕРІ

**Өсімдік шаруашылығы өнімінің үлесі:**

| 2014 ж. | 2015 ж. |
|---|---|
| 52,5% | 55,2% |

**Мал шаруашылығы өнімінің үлесі:**

| 2014 ж. | 2015 ж. |
|---|---|
| 47,1% | 44,4% |

**ЕДБ ауыл шаруашылығын кредиттеу серпіні, млрд. теңге**




*Дереккөз: ҚР Ұлттық банкінің деректері (http://www.nationalbank.kz/?docid=821&switch).*

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің өсімі үлгі тұтарлық, 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылғы өсім – 19,0%, 2014 жылы – 5,9%, 2015 жылы – 30,8%, бұл ауыл шаруашылығы өнімінің шығарылымы көлемін 3 307,0 млрд. теңгеге дейін өсіруге мүмкіндік берді. Шығарылған өнімнің ішінде өсімдік шаруашылығының үлесі өсу үстінде, ол 2014 жылы 52,5% құрады, 2015 жылы – 55,2%, тиісінше мал шаруашылығы өнімінің үлесі 2014 жылы – 47,1%, 2015 ж. – 44,4%.

2015 ж. ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлеміндегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үлесі – 20,6%, шаруа/фермер қожалықтары – 27,3%, өндірістің барынша көп үлесі ауыл тұрғындарының шаруашылықтарына тиесілі – 52,1%.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің жыл сайынғы өсіміне қарамастан, Қазақстанның аграрлық секторы төмен еңбек өнімділігімен, ауыл шаруашылығы дақылдарының және ауыл шаруашылығы мал өнімінің нашар шығымдылығымен, ескірген технологияларды пайдаланумен, қосылған құны төмен өнімді шығарумен сипатталады, бұл ұсақ тауарлы өндіріспен шартталған, ауыл шаруашылығы өнімінің 50% астамы тұрғындардың үй қожалықтарымен өндіріледі.

Азық-түлікке әлемдік сұраныстың өсіп отырған жағдайында, ауқымды ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлердің, жайылымдар мен шабындықтардың болуы сынды Қазақстан агроөнеркәсіптік кешенінің жүзеге асырылмаған әлеуеті ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу саласына инвестициялардың өсуі үшін маңызды ынталандырушы фактор болып табылады, бұл Қазақстанға жетекші әлемдік азық-түлік өндірушілерінің қатарына кіруге мүмкіндік береді.

Аграрлық сектордың дамуы АӨК субъектілерінің өндірістік қуаттылықтарды, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау, дайындау, әзірлеу мен қайта өңдеу инфрақұрылымының объектілерін құру мен жаңғыртуға, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын жаңартуға, айналым қаражатын толтыруға қолжетімді кредит ресурстарына қажеттілігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуді талап етеді.

Банк қарыздарын негізінен өтімді кепілмен қамтамасыз етуді ұсынуға мүмкіндігі бар заңды тұлғалар алады. 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЕДБ несие қоржынындағы шаруа (фермер) қожалықтарының үлесі 2% кем болды, өнімді үй шаруашылықтарымен өндіру кредиттелмейді.

2015 ж. шағын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін біріктіру үшін жаңа «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» ҚР Заңы қабылданды (29.10.2015 ж. № 372-V ҚРЗ). Заңның тұжырымдамалық негіздері кооперация жолымен ауыл шаруашылығы өндірісін ірілендіруге және олар өндіретін өнімді өткізу, өндіріс құралдарын жеткізу, ауыл шаруашылығы техникасына қол жеткізу және білім беру мәселелері бойынша бұдан әрі АШТӨ көмек көрсету үшін жағдай жасауға бағытталған. Ауыл шаруашылығы кооперациясы ауыл шаруашылығы өндірісі ауқымының артуы есебінен қызмет тиімділігін арттыруға, жабдықтау тізбектері мен өткізу арналарына, сондай-ақ қаржы ресурстарына қолжетімділікті жеңілдетуге мүмкіндік береді.

ЕДБ тарапынан АӨК қаржыландыру өсімі салалық тәуекелдерді кертартпа бағалаумен, ауылдық жердегі кепілмен қамтамасыз етудің нашар өтімділігімен, ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің жетіспеушілігімен, ауыл шаруашылығы жобаларын әлсіз талдау әдістемесімен тежеледі.

Соңғы 4 жылдағы ЕДБ ауыл шаруашылығын кредиттеу серпіні негізінде бизнес тарапынан кредит қаражатына деген қажеттіліктің қалыптасып келе жатқандығын байқауға болады. 2008-2010 жж. жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс ықпалының нәтижесінде Қазақстан банктері жалпылай кредиттеу көлемін және соның ішінде АӨК кредиттеу көлемін күрт азайтты.

2011-2015 жж. алдыңғы төмендеу жылдарынан соң банктердің кредит беруді жаңғырта бастағаны байқалды. ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша ЕДБ ел экономикасына (барлық салаларға) берген кредит қаражатының көлемі 2014 жылы 12 106 млрд. теңгені құрады, бұл көрсеткіш 2013 ж. деңгейден 7,2% жоғары, оның ішінде ЕДБ ауыл шаруашылығын кредиттеу көлемі 484 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы осы көрсеткіштен 29% артық. 2015 жылы ел экономикасына ЕДБ берген кредиттері 12 674 млрд. теңгені құрады, оның ішінде ауыл шаруашылығын кредиттеуге 654 млрд. теңге немесе 5,2% бағытталды.

2015 жылы Корпорация 70,6 млрд. теңге сомаға кредит берді, бұл ЕДБ ауыл шаруашылығына берген кредиттер көлеміне 10,8% құрайды және Корпорация кредит қаражатының негізгі алушылары шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) өкілдері болып табылады, олардың үлесі 76% құрады.



# 3. КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

### *Миссиясы –*

**АӨК субъектілерін кредиттеудің қолжетімді жүйесін дамыту арқылы аграрлық саланы индустрияландыруға және әртараптандыруға қолдау көрсету болып табылады.**

### *2020 жылға белгіленген пайымы –*

***АӨК субъектілерін қолдау және дамыту бойынша, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерді, кредиттік серіктестіктерді, лизинг компанияларын және өзге қаржы ұйымдарын қорландыру арқылы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын аграрлық секторды кредиттеу нарығындағы негізгі қаржы ұйымы.***



Корпорация АӨК субъектілеріне қолжетімді қаржы қаражатын ұсыну жолымен ауыл шаруашылығы өндірісін индустрияландыру мен әртараптандыруға, аграрлық саланың еңбек өнімділігін арттыруға елеулі үлес қосуда.

Корпорацияның қызметі 2020 ж. басқару менеджменті мен корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

Корпорация өз қызметін 5 стратегиялық бағытты шешуге шоғырландырған, олардың негізгі мақсаты – АӨК субъектілерінің серпінді дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

| СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР | СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР | СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР |
|---|---|---|
| 1. Индустрияландыру мен әртараптандыру арқылы еңбек өнімділігінің өсімін ынталандыру | Заманауи агротехнологияларды қолданумен жоғары технологиялық (инновациялық) жобаларды қаржыландыру есебінен еңбек өнімділігінің өсуі. | 1. АӨК-дегі салалық басымдылықтарға сәйкес Корпорацияның инвестициялық саясатын қалыптастыру |
| | | 2. АӨК субъектілерін, инвестициялық, о.і. инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін қаражат тарту |
| | | 3. АӨК кластерлік дамуына ықпалдасу |
| | | 4. «Жасыл технологияларды» енгізуге қолдау көрсету |
| 2. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу | 1. Астана және Алматы қалалары айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыруды ынталандыру.<br>2. АӨК субъектілерін өндіріс үшін негізгі құралдарды сатып алуы және айналым қаражатын толтыруы, ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алуы мен өңдеуі үшін қаржы ресурсарымен уақытында қамтамасыз ету. | 1. Астана және Алматы қалалары айналасындағы азық-түлік белдеуі аясында АӨК субъектілерін қаржыландыру |
| | | 2. АӨК субъектілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуі, ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуы мен өткізуі үшін қаржыландыру |
| | | 3.Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және азық-түлік өндірісі бойынша кәсіпорындарды қаржыландыру:<br>- жоғары технологиялық (инновациялық) жабдықты сатып алуға;<br>- айналым қаражатын толтыруға. |
| 3. АӨК экспорттық әлеуетін дамыту мен жүзеге асыруға қолдау көрсету | АӨК экспорттық әлеуетін дамыту | 1. Корпорация қаржыландырған ет және ет өнімдерінің өндірісі бойынша экспортқа бағдарланған инвестициялық жобалардың мониторингі |
| | | 2. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін мал шаруашылығын, о.і. отарлы мал шаруашылығын дамытуға кредиттеу жолымен ынталандыру. |
| 4. АӨК субъектілерін қолдау жөніндегі қызметтердің қолжетімділігін арттыру. | АӨК қолжетімді қаржы, өндірістік және сервистік инфрақұрылымын дамыту | 1. Екінші деңгейдегі бантер мен өзге қаржы ұйымдарын қорландыру жолымен АӨК субъектілерінің кредит ресурстарына қолжетімділігін кеңейту |
| 5. Корпоративтік басқару сапасын және Корпорация қызметінің айқындылығын арттыру | Активтерді басқару, корпоративтік басқару жүйесі тиімділігін арттыру және қызметтің айқындылығын қамтамасыз ету | 1. Меншікті капитал мен активтерді пайдалану тиімділігін, тәуекел-менеджмент рөлін арттыру |
| | | 2. Несие қоржынының сапасын басқару |
| | | 3. Инновацияларды енгізу |
| | | 4. Кредит рейтингтерін қолдау |



# 4. ҚЫЗМЕТТІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

50 718,1 млн. тг

**54,4%**

КС КРЕДИТТЕУ

22 078,0 млн. тг

**23,7%**

«СЫБАҒА» БАҒДАРЛАМА

20 441,6 млн. тг

**21,9%**

ҚАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАР



# Корпорацияның капиталы

***Жарғылық капиталды ұлғайтуға бюджеттік инвестициялар***

Корпорация мемлекеттің жарғылық капиталға 100 % қатысуымен құрылған қаржы ұйымы. Корпорацияның кредиттеу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін мемлекет 2015 жылдан бастап жыл сайын Корпорация жарғылық капиталын ұлғайтуға Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаражат бөлді, олар 2015 ж. қарай – **93 237,7 млн. теңгені құрады** (1-кесте).

Корпорация жарғылық капиталын ұлғайтуға Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаражат бөлді

**93 237,7**

**МЛН. ТЕҢГЕ**

Корпорацияның жарғылық капиталына алынған қаржы қаражатының құрылымында КС кредиттеу үлесі жоғары – 54,4% немесе 50 718,1 млн. теңге, «Сыбаға» бағдарламасы – 23,7% немесе 22 078,0 млн. теңге, қалған бағдарламалар – 21,9% немесе 20 441,6 млн теңге.

***1-кесте***

| Іс-шара атауы | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. | 2008 ж. | 2009 ж. | 2010 ж. | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. | 2014 ж. | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| КС | 5 394,8 | 5 347,5 | 6 508,9 | 6 966,9 | 1 000,0 | 5 000,0 | 8 000,0 | 1 500,0 | | 11 000,0 | 50 718,1 |
| Бірлестіктер (АТК) | | 3 541,6 | 2 000,0 | 2 000,0 | 700,0 | 1 500,0 | 500,0 | 500,0 | | | 10 741,6 |
| АШЖБ | | | 700,0 | 1 000,0 | 500,0 | 500,0 | | | | | 2 700,0 |
| Қайта өңдеу кәсіпорындары | | | | | | 5 000,0 | | 2 000,0 | | | 7 000,0 |
| Мал шаруашылығын дамытуға АШТӨ «Сыбаға» ІҚМ | | | | | | | 8 200,0 | | 4 878,0 | 9 000,0 | 22 078,0 |
| БАРЛЫҒЫ | 5 394,8 | 8 889,1 | 9 208,9 | 9 966,9 | 2 200,0 | 12 000,0 | 16 700,0 | 4 000,0 | 4 878,0 | 20 000,0 | 93 237,7 |

2015 жылы Корпорация РБ есебінен жарғылық капиталды ұлғайтуға бюджет қаражатын тартқан жоқ, кредиттеу бағдарламалары өз және тартылған қаражат есебінен жүзеге асырылды.

***Бюджеттік кредит қаражаты***

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын (бұдан әрі – КЕЖ) өткізуге АӨК субъектілерін қолдау үшін Корпорация 2010 жылдан бастап жыл сайын бюджеттік кредит қаражатын тартады. 2010-2015 жж. 115 799,9 млн. теңге, оның ішінде 2015 ж. 8 438,5 млн. теңге бөлінді. Кредит ресурстары 246 АШТӨ кредиттеуге мүмкіндік берді, олар жыл сайын астық дақылдарының 90% алатын 700 мың гектардан артық жерді өңдейді.

***Өзге көздерден қаржы ресурстары***

2015 жылдың барысында Корпорация 58 999, 8 млн. теңге көлеміндегі қарыз капиталын, о.і.:

1. 8 438,5 млн. теңге сомаға кейіннен КЕЖ кредиттеу үшін «ҚазАгро» холдингі» АҚ қарызы бойынша Республикалық бюджет қаражаты;
2. 3 000,0 млн. теңге сомаға «ҚазАгро» холдингі» АҚ қарызы бойынша Ұлттық қор қаражаты;
3. 18,9 млн. теңге сомаға кейіннен инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін «ҚазАгро» холдингі» АҚ қарызы бойынша қаражат;
4. 19 260,0 млн. теңге сомаға «ҚазАгро» холдингі» АҚ №148 негіздемелік келісімі бойынша қаражат;
5. 478,7 млн.теңге сомаға «ҚазАгро» холдингі» АҚ №124 негіздемелік келісімі бойынша қаражат;
6. 27 412,7 млн. теңге сомаға екінші облигациялық бағдарлама шегінде бірінші және екінші облигациялар шығарылымдары есебінен тартты.



# Міндеттемелер

2015 жылғы Корпорацияның міндеттемелері 213% немесе 37 759 млн. теңгеге артты. Өсімнің негізгі көзі – шығарылған борыштық бағалы қағаздар болып табылады.

***Шығарылған борыштық бағалы қағаздар***
2015 жылы Корпорация 2 870 млн. теңге сомасындағы бірінші облигациялық бағдарламасының 2-ші облигациялар шығарылымы өтелді.

Сондай-ақ Корпорация 2015 жылдың ішінде 9 730 млн. теңге сомасындағы саны 9 980 мың дана екінші облигациялық бағдарламасының 1-ші шығарылымы, 17 683 млн. теңге сомасындағы 18 185 мың дана екінші облигациялық бағдарламасының 2-ші шығарылымы облигацияларын орналастырды.

# Операциялық қызмет

Корпорацияның ЕДБ-ден артықшылығы мынадай:
- Оңтайлы кредиттеу мөлшерлемелері:
- Ұзақ қаржыландыру мерзімі;
- ЕДБ қолайлы кепілмен қамтамасыз ету ретінде қарастырмайтын ауылдық жердегі мүлік пен техниканы кепілмен қамтамасыз ету ретінде ұсыну мүмкіндігі.

Ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыруда 15 жылдық жұмыс тәжірибесінің болуы, кең ауқымды клиенттік қордың, ауыл шаруашылығының өндіріс орындарына барынша жақын орналасқан инфрақұрылымның – 176 КС пен 13 филиалдың болуы – Корпорацияның мықты жағы болып табылады.

Корпорацияның қызмет жасап отырған жылдары барысында 40 мың бірліктен астам АШТӨ қаржыландырылды және 463,5 млрд. теңге берілді. Бұл ретте қарыз алушылардың негізгі санаты (кредиттеу көлемінің 76% жуығы) – шағын және орта бизнес өкілдері болып табылады.

Жалпы 2015 ж. Корпорация АӨК субъектілерін кредиттеуге кредит бағдарламаларын іске асыру аясында 70 599 млн. теңге жұмсады. 2014 ж. салыстырғанда кредиттеу көлемі 1,3 есеге немесе 17 085 млн. теңгеге артты.

***2014-2015 жылдары кредит ресурстарын беру көлемі (мың теңге)***

| | | 2014 ж. | | 2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|
| № | Бағдарламалар атауы | Қарыз алушылар саны, бірл. | Сома, млн. теңге | Қарыз алушылар саны, бірл. | Сома, млн. теңге |
| 1 | КС, о.і. Жедел-несие, ҰҚМ-КС, жылқы шаруашылығы КС | 2 993 | 24 622,8 | 2 602 | 25 360,1 |
| 2 | Сыбаға | 956 | 10 776,2 | 1 018 | 10 814,6 |
| 3 | Алтын Асық | 69 | 727,4 | 220 | 2 014,0 |
| 4 | Құлан | 242 | 2 887,9 | 422 | 6 855,0 |
| 5 | КЕЖ | 43 | 7 412,9 | 42 | 8 438,5 |
| 6 | ЕДБ | 0 | 0,0 | 3 | 9 340,0 |
| 7 | Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу кәсіпорындары | 16 | 2 655,2 | 16 | 1 712,1 |
| 8 | Бірлестіктер (АТК) | 10 | 263,6 | 3 | 69,4 |
| 9 | АШЖБ | 25 | 189,7 | 33 | 329,3 |
| 10 | Коммерциялық қарыздар | 92 | 3 846,2 | 192 | 5 601,1 |
| 11 | Жайылымдарды суландыру | 0 | 0,0 | 12 | 45,0 |
| 12 | Инвестициялық жобалар | 2 | 132,0 | 1 | 18,9 |
| | Барлығы | 4 448 | 53 513,9 | 4 564 | 70 598,8 |

Корпорация 2015 жылы кредит берді

**70,6**

МЛРД. ТЕҢГЕ

2015 жылы кредиттелген қарыз алушылардың саны 2014 жылмен салыстырғанда 116 АШТӨ өсті және 4 564 АШТӨ құрады.

Жүзеге асырылатын кредиттеу бағдарламалары аясында Корпорация тұрақты түрде ауыл шаруашылығы бизнесімен айналысатын әйел кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп келеді. 2015 жылы кредиттер жалпы сомасы 10 732,0 млн. теңгеге 315 әйел кәсіпкеріне берілді.

2015 жылы Корпорация несие қоржынының құрылымындағы қысқа мерзімді кредиттердің үлесі 42% құрады немесе 2014 жылмен салыстырғанда 2% кеміді, тиісінше ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2% азайып, 58% төмен түсті.

2015 жылы Корпорация берілген қаражат есебінен келесі өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізді:

***2015 жылы жоспарлы индикаторлардың орындалуы жөніндегі ақпарат***

| Бағдарламалар атауы | Өлш. бірл. | 2014 ж. Факт бойынша | 2015 ж. Жоспар | 2015 ж. Факт бойынша | Орынд. % |
|---|---|---|---|---|---|
| КС кредиттеу | бірл. | 155 | 110 | 137 | 125 |
| "Сыбаға" бағдарламасы бойынша аналық ІҚМ сатып алу | бас | 54 237 | 55 000 | 57 275 | 104 |
| "Алтын Асық" бағдарламасы бойынша аналық қойларды сатып алу | бас | 85 697 | 110 000 | 132 180 | 120 |
| "Құлан" бағдарламасы бойынша жылқылардың аналық басын сатып алу | бас | 11 682 | 25 000 | 32 665 | 131 |

КС кредиттеу бағдарламасының бірден бір мақсаты – ауыл шаруашылығы өнімінің қайта өңделуі мен өндірісін кредит ресурстарымен қамтамасыз етілуін қамтуды кеңейту үшін қатысушылар – АШТӨ санын жыл сайын одан әрі арттыру болып табылады. Соңғы жылдары Корпорация КС қауымдастығымен бірлесіп белсенді түрде осы бағыт бойынша жұмыс жасап отыр, АШТӨ мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен КС арқылы кредит алу басымдылығы айтылатын жиналыстар өткізілу үстінде.

2015 ж. КС қызметкерлерін оқыту семинарлары өткізілді, Корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарына кредит беру шарттарын жақсартатын өзгерістер енгізілді:

- Кепілдерді жабу коэффициенті 120% бастап 100% дейін азайтылды;
- Соңғы қарыз алушылардың өтінімдерін қарастыру бөлігінде КС-пен бизнес-үдерістер оңтайландырылды.



Жұмыс нәтижесі ретінде, 2015 жылы КС қатысушыларының құрамы 2014 жылмен салыстырғанда 1 100 АШТӨ артты және 11 913 АШТӨ құрады, егер 2014 жылы ауыл шаруашылығы құрылымдарының жалпы санын қамту 5,9% құраса, 2015 жылы қамту 6,7% дейін жетті.

***Несие қоржыны***

| № | Показатель | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Несие қоржыны, млн. теңге | 113 210 | 100 605 | 124 505 |
| 2 | Қарыз алушылар саны, мың | дерек жоқ | 8 691 | 10 902 |
| 3 | Кредиттеу көлемі, млн. теңге | 72 188 | 53 514 | 70 599 |
| 4 | О.і. шағын және орта бизнес субъектілерін кредиттеу, млн. теңге | 65 360 | 46 267 | 53 513 |
| 5 | Жалпы кредиттеу көлеміндегі шағын және орта бизнестің үлесі, % | 91% | 86% | 76% |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие қоржыны 124 505 млн. теңгені құрады, ал 2014 жылғы 31 желтоқсанда 100 605 млн. теңгені құраған. Өсім 23 900 млн. теңге немесе 24%.

2015 жылы кредиттеу көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 17 085 млн. теңгеге артты және 70 599 млн. теңгені құрады немесе 2014 жылғы беру деңгейінен 31,9% өсті. Бұл ретте, өткен жылдармен салыстырғанда шағын және орта бизнесті қаржыландыру үлесі азая түсуде, 2015 жылы жалпы кредиттеу көлемінің 76% құрады немесе 3% төмендеді, бұл «Агробизнес – 2020» бағдарламасын орындау мақсатында ЕДБ мен лизинг компанияларын қорландырумен байланысты, онда «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес акционерлік қоғамдарын (бұдан әрі – ЕАҚ) тікелей кредиттеу үлесін азайту және АӨК қаржыландыруға ЕДБ мен өзге қаржы ұйымдарын тарту көзделген.

***Қаржы көрсеткіштері***

| № | Көрсеткіш | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Активтер, млн. теңге | 125 768 | 105 651 | 143 969 |
| 2 | Меншікті капитал, млн. теңге | 69 003 | 87 904 | 88 464 |
| 3 | Таза табыс/шығын, млн. теңге | 438 | 496 | 1 085 |
| 4 | ROA, % | 0,41 | 0,43 | 0,87 |
| 5 | ROE, % | 0,65 | 0,63 | 1,23 |
| 6 | Ағымдағы өтімділік коэффициенті, % | 1,65 | 5,49 | 3,17 |
| 7 | Қаржылық леверидж коэффициенті, % | 0,82 | 0,20 | 0,63 |

2015 жылы Корпорацияның активтері өткен жылмен салыстырғанда 36% өсті және 143 969 млн. теңгені құрады.

Корпорацияның меншікті капиталы да 0,6% немесе 560 млн. теңгеге ұлғайды. 1 085 млн. теңге сомасында таза табыс алынды, бұл өткен жылдан 2,2 есе артық.

Дивидендтер 2015 жылы төленді

**447**

МЛН. ТЕҢГЕ

2015 жылы 447 млн. теңге мөлшеріндегі 2014 жылғы дивидендтер төленді. Жалғыз акционердің шешімі негізінде 2014 жылғы табыс есебінен 50 млн. теңгеге сақтық қор капиталы ұлғайтылды.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті 3,17 құрады, бұл Қоғамның ағымдағы өз міндеттемелерін уақытылы өтеуге мүмкіндігін көрседеті.

Қаржылық леверидж коэффициенті 0,63 құрады *(ұсынбалы коэффициент мағынасы 0,5 -0,8 тең).*

## Кредит шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау.

2014-2015 жж. «Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу» 227 бағдарламасы аясында жалпы сомасы 14 075,5 млн. теңгеге Корпорация қарыз алушыларының 464 шарты қарауға жіберілді.

2014-2015 жж. өткізілген отырыстар қорытындылары бойынша Комиссия жалпы сомасы 13 195,1 млн. теңгеге Корпорация қарыз алушыларының 344 шартын мақұлдады.

Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары қарыз алушыларының субсидиялау өтінімдерінің басым саны мақұлданды.

2014-2015 жж. комиссия мақұлдады

**344**

ШАРТТЫ

Шарттардың жалпы сомасы

**13 195,1**

МЛН. ТЕҢГЕ





## 5. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – Корпорация) «Аграрлық секторға несие беру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысына сәйкес құрылды.

Пилоттық жоба екі кезеңді көздейді. Біріншісі – мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мамандандырылған институтын құру. Екінші кезеңде өңірлік қаржы институттары – ауылдық кредиттік серіктестіктер (бұдан әрі – КС) желісін құру қарастырылған.

Корпорацияның негізгі мақсаты – КС жүйесін құру (оның ішінде 35% артық емес қатысу үлесімен КС жарғылық капиталына кіру жолымен), сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің (бұдан әрі – АШТӨ) республикалық бюджет қаражаты есебінен жеңілдікпен берілетін кредит ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету болды.

Пилоттық жоба табысты іске асырылды, шағын және орта ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің – КС жүйесі қатысушыларының кредит ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз еткен КС арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кредиттеудің бірегей жүйесі құрылды. КС ауылдық аудандарда ұйымдастырылады және ауыл шаруашылығы өндірісі орындарына барынша жақын орналасқан қаржы ұйымы болып табылады. АШТӨ КС қатысушысы бола тұра, жоғарғы басқару органы – КС қатысушыларының жалпы жиналысы арқылы тікелей КС-тің кредиттік, қаржы-шаруашылық қызметін бақылайды және басқарады.

2006 жылдан бастап Корпорацияның қызметі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-ІІІ ҚР Заңының қабылдануымен кеңейе түсті.

Қазіргі таңда Корпорация – агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамыту саласындағы қызметті іске асыратын, ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен бекітілген «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында белгіленген ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың басым бағыттары бойынша кредиттеу бағдарламаларын жүзеге асыратын ірі қаржы ұйымы.

**КОРПОРАЦИЯ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2001 ЖЫЛҒЫ 25 ҚАҢТАРДАҒЫ № 137 ҚАУЛЫСЫНА СӘЙКЕС ҚҰРЫЛДЫ.**



**ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДАҒЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ: BB+/ТҰРАҚТЫ**

**ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДАҒЫ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ: B/ТҰРАҚТЫ**

**ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫНДАҒЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ: BB+/ТҰРАҚТЫ**

**ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫНДАҒЫ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ: B/ТҰРАҚТЫ**

**ҰЛТТЫҚ МЕЖЕ БОЙЫНША ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ: KZAA-**

Корпорацияның жалғыз акционері – «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысына сәйкес құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) болып табылады.

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ымыра әсеріне қол жеткізу, өзара әрекеттесуді нығайту және Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету арқылы Корпорация қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған орталықтандырылған басқаруды жүзеге асырады.

Корпорация ұлттық валютамен және шетел валютасымен банк операцияларын жүргізуге 2013 жылғы 5 қарашадағы № 5.2.24. берілген Қазақстан Республикасы банк заңнамасымен көзделген операцияларды ұлттық валютада жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің лицензиясына ие, онда: «Банктік қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредит беру» жазылған.

Алғаш рет кредит рейтингі Корпорацияға 2006 жылдың қазан айында «Standard & Poor`s» халықаралық рейтинг агенттігімен берілді.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның рейтингтері келесі: Ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтинг: ВВ+/Тұрақты; Ұлттық валютадағы қысқа мерзімді рейтинг: В/Тұрақты; Шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтинг: ВВ+/Тұрақты; Шетел валютасындағы қысқа мерзімді рейтинг: В/Тұрақты; Ұлттық меже бойынша ұзақ мерзімді рейтинг: kzAA-.

**Қызмет түрлері.** Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін Корпорация келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Тиісті лицензия негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру;
- Кредиттеу арқылы ауыл шаруашылығы секторын қолдау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу;
- Отандық және шетел инвестицияларын тарту;
- Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;
- Лизингтік қызметті іске асыру.

Корпорацияның ауқымды филиал желісі бар, олар, Маңғыстау облысын қоспағанда, республиканың 13 өңіріндегі 13 филиал және Астана мен Алматы қалаларында орналасқан 2 қосымша сауда нүктесі.

## Негізгі кредиттеу бағдарламалары

Корпорацияның клиенттері – АӨК салаларында қызмет жасайтын шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) өкілдері, жеке және заңды тұлғалар. Корпорация кредиттік серіктестіктерді (бұдан әрі – КС) тікелей кредиттейді. Бұдан басқа 2015 ж. бастап қаржы ұйымдарын: екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі – ЕДБ), микроқаржы ұйымдарын (бұдан әрі – МҚҰ), лизинг компанияларын қорландырады.

Негізгі кредиттеу бағдарламалары:

- Кредиттік серіктестіктер жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін өнеркәсіпті кредиттеу;
- Кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлерін кредиттеу;

- КС жүйесі арқылы кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлерін кредиттеу;
- «Сыбаға» бағдарламасы бойынша етті тұқымды жас төлдің ұдайы өндірісі үшін ІҚМ аналық басы мен асыл тұқымды бұқаларды сатып алуға кредиттеу;
- Етті бағыттағы импорттық селекциялық ІҚМ сатып алуға кредиттеу;
- «Алтын Асық» бағдарламасы бойынша ұсақ қара малды сатып алу үшін кредиттеу;
- «Құлан» бағдарламасы бойынша жылқы шаруашылығын дамыту үшін кредиттеу;
- Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымы құрылысын кредиттеу;
- Ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі құралдарды сатып алу (оның ішінде ҚМЖ, жаңғырту) мен айналым қаражатын толтыру жобаларын кредиттеу;
- Ауыл шаруашылығы өнімін бірлесіп өндіру, дайындау, өткізу, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтау бойынша АШТӨ бірлестіктері мен ауыл халқын кредиттеу;
- Көктемгі егіс және жинау жұмыстарын (КЕЖ және ЖЖ) өткізуге АӨК субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды кредиттеу;
- Корпорацияның кредиттеу бағдарламалары бойынша кейіннен АӨК субъектілерін кредиттеу үшін ЕДБ және лизинг компанияларын кредиттеу;
- «Агробизнес – 2020» бағдарламасы бойынша АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру.

АШТӨ кредит ресурстарына қолжетімділігі, ЕДБ қарағанда, төменірек кредит мөлшерлемелерімен қамтамасыз етіледі, ол соңғы қарыз алушы үшін жылдық 14% артық емес, ЕДБ 10% мөлшерлеме бойынша қорландырылды.

Корпорацияның ауқымды филиал желісі бар

**13**

ФИЛИАЛ

**АШТӨ КРЕДИТ РЕСУРСТАРЫНА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ, ЕДБ ҚАРАҒАНДА, ТӨМЕНІРЕК КРЕДИТ-МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ**





# 6. КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ



Директорлар кеңесінің 21.10.2014 ж. № 33 шешімімен бекітілген 2011-2020 жылдарға арналған Корпорация дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес қызметті бағалау үшін 2015 жылға қызметтің негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚНК) белгіленген, олар толықтай орындалған:

| № | ҚНК атауы | Өлш. бірл. | Факт бойынша 2014 ж. | 2015 ж. Жоспар | 2015 ж. Факт бойынша | 2015 ж. Жоспарды орынд. % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚР Ұлттық қоры қаражаты есебінен инвестициялық жобаларды іске асыру бағдарламасы аясында Корпорациямен қаржыландырылған кәсіпорындардағы еңбек өнімділігі, 1 қызметкерге мың теңге | 1 қызметкерге мың теңге | 4 488,5 | 2 152,8 | 3 650,4 | 170 |
| 2 | Корпорация ресурстары есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша ет пен сүттің және олардың өңделген өнімдерінің өндіріс көлемі, тонна: | | | | | |
| | 1) ет пен ет өнімдері өндірілді, о.і.: | тонна | 22 439,1 | 23 322,0 | 24 854,7 | 107 |
| | Астана қаласына жеткізілді | тонна | 2 796,6 | 1 948,0 | 3 137,0 | 161 |
| | Алматы қаласына жеткізілді | тонна | 1 206,8 | 729,0 | 5 214,0 | 715 |
| | 2) сүт пен сүт өнімдері өндірілді, о.і.: | тонна | 73 484,3 | 75 842,0 | 79 140,5 | 104 |
| | Астана қаласына жеткізілді | тонна | 1 367,2 | 1 303,0 | 2 170,4 | 167 |
| | Алматы қаласына жеткізілді | тонна | 66,0 | 27,0 | 75,0 | 278 |
| 3 | АӨК субъектілерін қолдау бойынша іс-шараларды өткізу үшін бағдарлама талаптарына сәйкес келетін жобаларды қаржыландыру (КЕЖ), %. | % | 100,0 | 100,0 | 100 | 100 |
| 4 | Қаржыландырылған ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және азық-түлік өндірісі кәсіпорындарының жалпы көлеміндегі инновациялық (жоғары технологиялық) жобаларды қаржыландыру үлесі, %. | % | 26,7 | 5,0 | 6,8 | 136 |
| 5 | Корпорация қызметін пайдаланушылар саны, бірл. | ед. | 4448 | 3 110 | 4 564 | 146 |
| 6 | ROA | % | 0,43 | 0,26 | 0,87 | 335 |
| | ROE | % | 0,63 | 0,45 | 1,23 | 273 |
| 7 | Несие қоржыны бойынша қалыптастырылған қордың (провизиялардың) қолайлы деңгейін өз деңгейінде қолдау (20% артық емес) | % | 14,0 | 20,0 | 12,9 | 155 |
| 8 | Холдинг пен оның еншілес акционерлік қоғамдарының қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында айтылу санының жыл сайынғы өсімі 5%. | % | 5,5 | 5 | 12 | 240 |





# 7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ



Корпорацияның тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді заманауи сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және басқаруға мүмкіндік беретін тұрақты үрдісті білдіреді, сондай-ақ Корпорацияның атқарушы органы мен басқару органын тәуекелдер және тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты – пайдалылық пен тәуекелдер деңгейінің арасындағы оңтайлы теңгерімді табу, сондай-ақ стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру және белгіленген мақсаттарға қол жеткізу аясында Корпорацияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Сөйтіп, тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Корпорация әртараптандыру, лимиттеу, әртүрлі қорғау тетіктерін және хеджирлеу құралдарын пайдалану арқылы тәуекелдерді басқару әдістерінің кешенін пайдаланады. Осыған орай, Корпорацияда қаржылық, операциялық және кредиттік тәуекелдерді басқару тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар әзірленді және қолданылады.

Аграрлық сектордың жұмыс жасау ерекшелігін ескере отыра, Корпорацияның қызметі кредит тәуекелінің ықпалында, ол берілген қарыздардың қайтарылмауына орай, шығындардың туындау тәуекелін білдіреді. Корпорацияның кредит тәуекелін басқару мақсатында кредиттік қызметті ұйымдық қамтамасыз ету, кредиттеу лимиттерін белгілеу, қарыз алушының кредиттік қабілетін талдау, кредиттердің мониторингі, несие қоржынын басқару және болжалды айырылу қауіпіне қарсы провизияларды қалыптастыру іске асырылады.

Сонымен қатар, берілген қарыздардың қайтарылуына экономикалық факторлардың әсер ету мүмкіндігіне қарамастан, Корпорацияның қалыптастырылған сақтық қорынан артық елеулі залал тәуекелі жоқ.

Корпорацияның валюталық міндеттемелерінің болмауы, инвестициялық қаржы құралдарына ақшалай қаражатты орналастырмауы және құбылмалы пайыздық мөлшерлемемен қаржыландыруды тартпау фактісін есепке ала отыра, қаржылық тәуекелдерді басқару кезінде өтімділікті тиімді басқаруды ұйымдастыруға және өтімділік тәуекелін азайтуға аса мән беріледі. Осы мақсатпен, Корпорацияда өтімділікті жоғалту тәуекелін алдын ала тану және оны заманға сай барабар шара қабылдау жолымен болдырмау жүйесі жұмыс жасауда.

Операциялық тәуекелдерді басқару бөлігінде операциялық тәуекел факторларының туындауын анықтау мен болдырмау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жалғасын тапқан. 2015 жылы операциялық оқиғаларды тіркеу журналы жетілдірілді, операциялық тәуекелдің әр түрі бойынша негізгі тәуекел индикаторлары әзірленді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс жасау кезінен бастап Корпорацияда тәуекелдерді басқару жөніндегі негізгі әдістер мен амалдар және оларға жауап қайтару әдістері әзірленді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі әдістемелік құжаттама дайындалды, тұрақты негізде қолданылатын рәсімдерді жетілдіру қолға алынған. Олардың ішінде:

- Тәуекелдерді басқару саясаты;
- Тәуекелдерді сәйкестендіру қағидалары;
- Тәуекелдер тізілімі;
- ҚЕХС талаптарына сәйкес провизияларды есептеу әдістемесі;
- Банк-контрагенттеріне банкаралық операциялар бойынша лимиттерді белгілеу әдістемесі және қағидалары;
- Қарыз алушыларға рейтинг беру әдістемесі;
- Жоба тәуекелдерін анықтау және рейтинг беру әдістемесі;
- Өтімділікті басқару және өтімділік тәуекелдері әдістемесі;
- Өкілеттіктер лимиттерінің тізілімі;
- Операциялық тәуекелдерді бағалау және басқару әдістемесі.

Жыл сайын дағдарысты тәуекелдерді бөліп көрсетумен Корпорацияның Тәуекелдер картасы жасалады, дағдарысты тәуекелдерді барынша азайту бойынша Іс-шаралар жоспарлары әзірленеді, тұрақты негізде белгіленген лимиттердің орындалуына мониторинг жасалады.



# 8. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



Жарғыға сәйкес Корпорацияның органдарына төмендегілер жатқызылады:
1. Жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы орган – Басқарма;
4. Корпорацияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласына, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына баға беретін және Корпорация қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беретін орган – Ішкі аудит қызметі;
5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған өзге органдар.

**КОРПОРАЦИЯНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ – «ҚАЗАГРО» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ» АҚ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

## Жалғыз акционер

Корпорацияның Жалғыз акционері – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

Жалғыз акционердің маңызды міндеттерінің қатарына Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Директорлар кеңесі құрамы мен өкілеттіктер мерзімін белгілеу, сыртқы аудиторды, жылдық қаржы есептілігін бекіту жатады.

| № | Мәселенің атауы | Қабылданған шешімдер |
|---|---|---|
| 1 | 2014 жылғы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды белгілеу туралы | 06.02.2015 ж. Холдинг Басқармасының шешімі |
| 2 | Қаржы есептілігін және 2014 жылғы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу немесе төлемеу туралы және бір жай акцияға есебімен дивиденд мөлшерін бекіту туралы. | 05.06.2015 ж. Холдинг Басқармасының шешімі |
| 3 | «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, сандық құрамды, өкілеттіктер мерзімін белгілеу және оның мүшелерін сайлау туралы | 19.06.2015 ж. Холдинг Басқармасының шешімі |
| 4 | 2015 ж. 19 маусымдағы «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының шешіміне өзгерістер енгізу туралы және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы | 26.06.2015 ж. Холдинг Басқармасының шешімі |
| 5 | Холдинг ЕАҚ Корпоративтік басқару кодекстерін жаңа редакцияда бекіту туралы | 29.07.2015 ж. Холдинг Басқармасының шешімі |

## Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Корпорация қызметіне жалпылай басшылық жүргізеді. Директорлар кеңесінің міндеттері – Корпорацияның даму стратегиясын бекіту, өнімдік бағдарламалар бойынша шарттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, Корпорацияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу және т.б. болып табылады.

Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамына 5 мүше кіреді, оның 2 – тәуелсіз директорлар.



## Состав Совета директоров

«ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 19 маусымдағы №38 шешімімен Директорлар кеңесінің жаңартылған құрамы бекітілді.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды:
1. «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқарушы директоры Мұхамадиева Айгүл Стаханқызы – Жалғыз акционердің өкілі;
2. Әбдікәрімова Жанар Мұратқызы – тәуелсіз директор;
3. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымы Атамқұлова Гүлнәз Төреханқызы.

«ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 26 маусымдағы №40 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды:
1. «ҚазАгро» холдингі» АҚ Ішкі бақылау департаментінің директоры Мақаев Қайрат Әміржанұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің өкілі;
2. Жұмағатов Сатыбалды Себиғатұлы – тәуелсіз директор.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 26 маусымдағы №21 шешімімен Директорлар кеңесінің төрайымы болып Мұхамадиева Айгүл Стаханқызы сайланды.



## Мұхамадиева Айгүл Стаханқызы

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрайымы (2015 жылғы 26 маусымнан бастап).
«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
1976 жылғы 5 тамызда туылған.

***Білімі:***
- Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
- М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы.

Математика магистрі.

***Еңбек жолы:***
- 2000-2006 жж. – «АТФБанкі» АҚ-да жұмыс істеген;
- 2006-2011 жж. – «Қазкоммерцбанк» АҚ-да жұмыс істеген;
- 2011-2014 жж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
- 2014-2015 жж. – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Бизнесті дамыту жөніндегі бас директордың орынбасары;
- 2015 ж. – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры;
- 2015 ж. – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
- «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 38 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 21 шешімімен Директорлар кеңесінің төрайымы болып сайланған.
- Сонымен қатар А.С. Мухамадиева «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңестерінің төрайымы болып табылады.

Акциялары жоқ.

## Атамқұлова Гүлнәз Төреханқызы



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2015 жылғы 19 маусымнан бастап).
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымы.
1968 жылғы 9 қыркүйекте туылған.

***Білімі:***

- С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, 1991 ж., Философия-экономика факультеті (философия пәнінің оқытушысы). Үздік диплом.
- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік экономика университеті жанындағы Еуразиялық нарық институты, 1998 ж., «Қаржы және кредит» факультеті;
- London school of business and finance, Ұлыбритания, тағылымдама, 2013 ж.;
- Қазақ Гуманитарлық-Заң университеті, 2014 ж.,
Іскерлік әкімшілендіру магистрі. Қаржы менеджменті.

***Еңбек жолы:***

- 2007-2010 жж. – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2010-2012 жж. – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма төрайымы;
- 2013-2014 жж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі;
- 2014 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
- 2014 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының м.а.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 20 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымы болып сайланған.
- «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 38 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған.

Акциялары жоқ.

## Мақаев Қайрат Әміржанұлы



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2015 жылғы 26 маусымнан бастап).
«ҚазАгро» холдингі» АҚ ЕБҰ ішкі бақылауды ұйымдастыру департаментінің директоры.
1980 жылғы 23 сәуірде туылған.

***Білімі:***

- С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана қ.) «Агрономия» факультеті.
- Еуразиялық нарық институты (Алматы қ.). «Қаржы және кредит» факультеті.

***Еңбек жолы:***

- 2012-2013 жж. – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Кредиттік-инвестициялық қызметті ішкі бақылау департаментінің директоры;
- 2014-2014 жж. – «KazMeat» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы («ҚазАгроӨнім» АҚ еншілес компаниясы);
- 2013-2015 жж. – «ҚазАгро» холдингі» АҚ еншілес компанияларының қызметін сүйемелдеу департаментінің директоры;

- 2014-2015 жж. – «Қазагромаркетинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі («ҚазАгро» холдингі» АҚ еншілес компаниясы);
- 2015-2015 жж. – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Ішкі бақылау департаментінің директоры;
- 2015 ж. бастап қазіргі кезге дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ ЕБҰ ішкі бақылауды ұйымдастыру департаментінің директоры.
- «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 40 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған.

Акциялары жоқ.



## Әбдікәрімова Жанар Мұратқызы

Тәуелсіз директор – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2015 жылғы 19 маусымнан бастап).
«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің кеңесі төрағасының орынбасары. Басқарушы директор.
1966 жылғы 25 ақпанда туылған.

***Білімі:***

- Павлодар индустриалдық институты «Құрылыс бұйымдары мен құрылымдарын өндіру» мамандығы бойынша (инженер-құрылысшы-технолог).
- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша (экономист).
- Қазақстан гуманитарлық-заң университеті (құқықтану бакалавры).
- Agence de Transfert de Technologie Financial, Luxembourg. Certificate Seminars, from 03 to 06 september 2007 on the subject Prevention of money laundering.
- Certificate of Completion Corporate Governance Certificate Program-Has successfully completed the course: International practices of the Corporate Governance. The Singapore Experience.25 academic hours, November 2013. - Certified Corporate Governance Director (CCGD™).
- Сертификат № AST/0056/12-13 - Certified Corporate Governance Professional (CCGP™) дәрежесін беру.

***Еңбек жолы:***

- 2006-2011 жж.– «БТА Банкі» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі.
- 2009 ж. – қазіргі кезге дейін «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің кеңесі төрағасының орынбасары – Басқарушы директор.
- «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 38 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ тәуелсіз директоры болып сайланған.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 24 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер бойынша комитетінің төрайымы болып сайланған.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 24 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Кеңесінің Ішкі аудит, активтер мен пассивтерді және тәуекелдерді басқару бойынша комитетінің төрайымы болып сайланған.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 24 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Кеңесінің Кредиттік саясат және проблемалық қарыздар бойынша комитетінің мүшесі болып сайланған.

Акциялары жоқ.

# Жұмағатов Сатыбалды Себиғатұлы



Тәуелсіз директор – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2015 жылғы 26 маусымнан бастап).
«Қазақстан фермерлер одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті-төрағасының орынбасары.
1952 жылғы 03 маусымда туылған.

***Білімі:***

- Алматы ауыл шаруашылығы институты (ғалым-агроном).
- Алматы саясаттану және басқару институты (әлеуметтік-саяси қатынастар теориясы, саясаттанушы, әлеуметтік-саяси пәндер оқытушысы).

***Еңбек жолы:***

- 2011-2013 жж. – Ақмола облысы Атбасар ауданының «Жер қатынастары бөлімі» ММ және «Ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ бастығы;
- 2013-2014 жж. – Астана қ. «Қазақстан өнеркәсіптік корпорациясы» ЖШС ауыл шаруашылығы бойынша басқарушы директоры;
- 2015 ж. – қазіргі кезге дейін – Астана қ. «Қазақстан фермерлер одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті-төрағасының орынбасары.
- «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 40 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ тәуелсіз директоры болып сайланған.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 24 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Кеңесінің Кредиттік саясат және проблемалық қарыздар бойынша комитетінің төрағасы болып сайланған.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 24 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер бойынша комитетінің мүшесі болып сайланған.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 24 шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Кеңесінің Ішкі аудит, активтер мен пассивтерді және тәуекелдерді басқару бойынша комитетінің мүшесі болып сайланған.

Акциялары жоқ.



# Басқарма құрамы



## Мәлелов Нұрлыбек Төлебайұлы

***Туған күні:*** 17 09 1971 ж.
***Атқаратын қызметі:*** Басқарма төрағасы – *Корпорация Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 2015 жылғы 17 маусымдағы №20 хаттамасына сәйкес Басқарма төрағасы өзгергенге дейін.*



## Атамкулова Гульназ Турехановна

***Туған күні:*** 09 09 1968 ж.
***Атқаратын қызметі:*** Басқарма төрайымы – *Корпорация Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 2015 жылғы 17 маусымдағы №20 хаттамасына сәйкес Басқарма төрағасы өзгергеннен кейін.*

- 02.09.2013 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі, Астана қ.;
- 07.04.2014 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Астана қ.;
- 29.11.2014 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының м.а., Астана қ.



## Сейсенбаев Нұржан Рымханұлы

***Туған күні:*** 22 05 1981 ж.
***Атқаратын қызметі:*** Басқарма төрайымының бірінші орынбасары

- 10.2013 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Корпоративтік кредиттеу департаментінің директоры.
- 07.10.2013 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры.



## Ахметов Қуат Сапарұлы

***Дата рождения:*** 14 10 1964 ж.
***Атқаратын қызметі:*** Басқарма төрайымының орынбасары

- 11.05.2010 г. – 11.05.2010 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымының орынбасары.



## Қабылова Ажар Өтегенқызы

***Туған күні:*** 14 05 1963 ж.
***Атқаратын қызметі:*** Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

- 20.01.2009 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры - Басқарма мүшесі.



## Айтқазина Шолпан Тілеуғабылқызы

***Туған күні:*** 22 11 1981 ж.
***Атқаратын қызметі:*** Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

- 01.12.2012 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Құқықтық департаментінің директоры;
- 21.10.2014 ж. – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры.

# Ұйымдық құрылым








# 9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

**2015 жылы Директорлар кеңесінің барлығы 31 жиналысы өткізілді, оның 14 – күндізгі отырыс және 17 – сырттай отырыс. 15 сырттай отырыс бұрынғы Директорлар кеңесінің құрамымен, тек 2 сырттай отырыс әрекет етуші Директорлар кеңесінің құрамымен өткізілді. Барлығы 2015 жылы Директорлар кеңесімен 159 мәселе қарастырылды, олар бойынша 311 шешім қабылданды және 10 тапсырма берілді.**

**31**
**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ**

**14**
**КҮНДІЗГІ**

**17**
**СЫРТТАЙ**

**159**
**МӘСЕЛЕ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

**Қарастырылған мәселелердің негізгі бөлімдері:**

- Ішкі нормативтік құжаттарды және оларға өзгерістерді бекіту мәселелері бойынша;
- Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы;
- Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылатын қызметкерлерді тағайындау және өкілеттіктерін тоқтату туралы;
- Шығарылған бағалы қағаздар мәселелері бойынша;
- Стратегияны, Даму жоспарын, бюджетті және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту туралы;
- Корпорацияның заңды тұлғаларға қатысуы және осындай қатысу үлесін іске асыру туралы (проблемалық активтерді өтеу есебіне теңгерімге қабылданған активтерді іске асырған кезде);
- Тәуекел-менеджмент департаментінің талдау жазбаларын қарастыру;
- Жылдық аудиторлық жоспарды, оған өзгерістерді және орындау туралы есепті бекіту;
- Корпоративтік басқаруды жақсарту жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту.



***2015 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері бұрынғы құрамының отырыстарға қатысуы***

| Р/с № | ТАӘ | ДК отырыстарына қатысу | % |
|---|---|---|---|
| 1. | Д.С. Мақажанов | 20-дан 19 | 95 |
| 2. | Л.С. Мусина | 13-тен 13 | 100 |
| 3. | Н.Т. Мәлелов | 20-дан 20 | 100 |
| 4. | С.Қ. Әшебеков | 20-дан 20 | 100 |
| 5. | А.Ә. Әбдукәлімов | 20-дан 19 | 95 |

***2015 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері әрекет етуші құрамының отырыстарға қатысуы***

| Р/с № | ТАӘ | ДК отырыстарына қатысу | % |
|---|---|---|---|
| 1. | А.С. Мұхамадиева | 11-ден 11 | 100 |
| 2. | Г.Т. Атамқұлова | 11-ден 11 | 100 |
| 3. | Ж.М. Әбдікәрімова | 11-ден 9 | 90 |
| 4. | С.С. Жұмағатов | 10-нан 9 | 95 |
| 5. | Қ.Ә. Мақаев | 10-нан 8 | 90 |

Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 14 шешімімен Директорлар кеңесінің Ішкі аудит, активтер мен пассивтерді және тәуекелдерді басқару бойынша комитетінің, Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер бойынша комитетінің және Директорлар кеңесінің Кредиттік саясат және проблемалық қарыздар бойынша комитетінің ережелері бекітілді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 30 шешімімен Директорлар кеңесінің Ішкі аудит, активтер мен пассивтерді және тәуекелдерді басқару бойынша комитеті, Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер бойынша комитеті және Директорлар кеңесінің Кредиттік саясат және проблемалық қарыздар бойынша комитеті құрылды.

Жалғыз акционердің шешімімен – «ҚазАгро» холдингі АҚ Басқармасының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 38 шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды:

- С.Қ. Әшебеков – тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің Ішкі аудит, активтер мен пассивтерді және тәуекелдерді басқару бойынша комитетінің және Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер бойынша комитетінің төрағасы;
- А.Ә. Әбдукәлімов – тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің Кредиттік саясат және проблемалық қарыздар бойынша комитетінің төрағасы;
- Д.С. Мақажанов – «ҚазАгро» холдингі» АҚ төрағасының орынбасары – үш комитеттің мүшесі.

Бұдан басқа, сарапшы ретінде дауыс беру құқығынсыз «ҚазАгро» холдингі» АҚ қызметкерлері белгіленді.

Ең үздік халықаралық тәжірибеге сай Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары – тәуелсіз директорлар болып саналады.

## Корпорация қызметін бақылау

Корпорацияның **Ішкі аудит қызметі** (бұдан әрі – ІАҚ) тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және тәуекелдерді басқару жүйесінің, ішкі бақылаудың және компанияны корпоративтік басқарудың тиімділігі туралы тәуелсіз бағаны ұсынады. ІАҚ қызметіне Аудит комитеті жетекшілік етеді.

ІАҚ 2015 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспардың кестесі бойынша филиалдарға 10 рет сапармен барып, тексеріс өткізді, 2 тексеріс орталық аппаратта өтті. Аудиттің негізгі мақсаты – Корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес кредиттеу жөніндегі бизнес-үдерістерді, саясаттарды, ережелер мен рәсімдерді бағалау және талдау болып табылады. Аудит нәтижесі бойынша түзету шаралары жоспарларының мониторингі өткізілді. Сондай-ақ ІАҚ қызметін реттейтін ішкі құжаттар әзірленіп, өзектендірілді.



# 10. БАСҚАРМА ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІ СЫЙАҚЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ



## Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің мүшелеріне, оның ішінде тәуелсіз директорларға 2015 жылы сыйақы төленбеді.

Сондай-ақ Басқарма төрағасы да Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмады.

## Басқарма

Корпорация Басқармасы төрағасының және мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары жөніндегі ереже Корпорацияның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

Ережеде Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық қызметақысының мөлшері, еңбек пен сыйлықақы беру шарттары орындалатын жұмыстың күрделілігіне, атқаратын қызметіне байланысты жеке тұрғыда және саралы түрде белгіленген.

Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыны қамтиды.

Бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелеріне және Директорлар кеңесінің олардың қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты жылына бір рет төленеді.

## Атқарушы орган мүшелерінің сыйақылары туралы ақпарат.

Корпорацияның атқарушы органы 2015 жылы 5 адамнан құралған (2014 жылы – 5 адам). Атқарушы орган мүшелерінің сыйақысы өзіне келесі позицияларды қосады:

| | 2015, мың теңге | 2014, мың теңге |
|---|---|---|
| Қызметкерлердің еңбекақысы және өзге қысқа мерзімді төлемдер | 68 995 | 60 982 |
| Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар | 6 992 | 6 227 |
| Негізгі басқару персоналына сыйақы, барлығы | 75 987 | 67 209 |

Корпорацияның атқарушы органы 2015 жылы құралған

5

АДАМНАН

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ МЕН МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІ БІР ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫ ҚАМТИДЫ.**





# 11. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

2015 г.
ҚЫЗМЕ
КЕРЛЕРІНІҢ
САНЫ

**318**

АДАМДЫ
ҚҰРАДЫ

**147**
АДАМ ОРТАЛЫҚ
АППАРАТ
БОЙЫНША

**171**
АДАМ ФИЛИАЛДАР
БОЙЫНША



Корпорацияның кадрлық саясаты Корпорацияның стратегиялық мақсаттарын орындау үшін біліктілігі жоғары қызметкерлерді тартуға, дамытуға және ынталандыруға негізделген персоналды басқарудың тиімді жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Білікті, бастамашыл, еңбекқор, қарқынды сапалы жұмыс жасауға бағытталған қызметкерлер Корпорацияның басты игілігі және бәсекеге қабілеттіліктің маңызды көзі болып табылады.

Сондай-ақ, Корпорацияда оның қызметкерлерінің барлығы жұмыс жасай отырып, өздерінің ең үздік қасиеттерін көрсетуі үшін барлық жағдайлар жасалды.

Кадрлық саясатты жетілдіру үшін Корпорация жұмысқа қабылдау, еңбек қауіпсіздігі, қызметкерлерді қайта даярлау мен кәсіптік тұрғыда дамыту және қызметкерлерге сыйлықақы беру туралы ереже мен нұсқаулықты қоса алғанда, еңбек қатынастарының барлық аспектілері бойынша корпоративтік нормалар мен стандарттарды жақсарту бойынша жұмысты жалғастыруда.

2015 жылы Корпорация қызметкерлерінің саны – 318 адамды құрады: оның – 147 орталық аппарат бойынша; филиалдарда - 171.

Корпорация адам капиталының сапасын жетілдіру мен арттыруға аса мән береді, 2015 жылы Корпорацияның барлық қызметкерлері оқытылды.

2015 жылы Корпорация қызметкерлерінің әлеуметтік пакетін қолдау және нығайту саясаты жалғастырылды.

Әлеуметтік саясатты жүзеге асыру аясында Корпорацияда еңбек міндеттерін атқарған кезде қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүргізіледі.

Ерікті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы қызметкерлерді Корпорация есебінен сапалы қосымша медициналық қызметтермен қамтамасыз ету және қалпына келтіру, емдеу жүзеге асырылады.

Корпорацияда балалы болған (бала асырап алған), қызметкер үйленген, ауыр сырқаттанған, қызметкер немесе оның жақын туыстары қайтыс болған жағдайда материалдық көмек төлемдері жүйесі қарастырылған.

***Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат бойынша***

Корпорация қызмет ерекшелігіне байланысты қоршаған ортаға тікелей теріс әсер етпейді. Осы орайда, өз қызметінде Корпорация Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және қызметтің жалпымен танылған стандарттарына сәйкес қоршаған ортаға барынша ұқыпты және тиімді қатынас принциптерін ұстанады.

***Есептік жылда қайырымдылық және әлеуметтік жобалар мен іс-шараларға қатысу***

Корпорация қайырымдылық және демеушілік көмекті тиісті қаржы жылына Жылдық бюджетте қарастырылған қаржы есебінен және соның шегінде көрсетеді.

1. Қайырымдылық және демеушілік саласындағы мақсаттар мынадай:
   - Әлеуметтік-жауапты компания ретінде Корпорацияның беделін нығайту;
   - Көмекке аса мұқтаж тұрғындар санатына (балалар, мүгедектер, қарт адамдар) атаулы (тікелей) көмек көрсету;
   - Корпорацияның әлеуетті клиенттері мен серіктестерінің тарапынан Корпорацияның танымалдығы мен ниеттілігі имиджін қалыптастыру.
2. Корпорация әлеуметтік-жауапты компания саясатын ұстана отырып, мәдениет, спорт, білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы, әлеуметтік ортаны жақсартуға және азаматтық қоғамның дамуына септігін тигізетін, Корпорацияның қайырымдылық және демеушілік саласындағы алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әртүрлі жобаларды қолдай алады.



# 12. КЕЛЕШЕК КЕЗЕҢГЕ ҚОЙҒАН МАҚСАТТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ



Корпорация «Агробизнес-2020» бағдарламасын және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында агроөнеркәсіптік кешенді қаржылық қолдау қызметін жалғастыратын болады.

Корпорация бүгінгі күннің өзінде кейіннен АӨК субъектілерін кредиттеуі үшін ЕДБ, лизинг компанияларын, КС, МҚҰ және өзге қаржы институттарын ұзақ мерзімге қорландырып келе жатқан институтқа түрлендіру шараларын жоспарлы түрде өткізу үстінде.

2016 жылы Корпорация қаржы агенттіктерінің тізбесіне еніп, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етусіз бюджет кредитін тарту мүмкіндігіне ие болды.

Қаржы агентінің мәртебесі АӨК субъектілерінің көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуі үшін 2017-2019 жж. 180,0 млрд. теңге көлеміндегі бюджеттік кредит қаражатын тарту бойынша іс-шараларды өткізуге мүмкіндік туғызды. ҚР Ұлттық экономика министрлігінен қаражат тартудың орындылығы жөніндегі оң қорытынды алынды.

Көлеміндегі бюджеттік кредит қаражатын тарту бойынша іс-шараларды өткізді

**180**

**МЛРД. ТЕҢГЕ**

Экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін АӨК субъектілерін ынталандыру мақсатында Корпорация жарғылық капиталды ұлғайтуға 41,3 млрд. теңге көлемінде бюджеттік инвестицияларды тарту және 40,0 млрд теңге. көлемінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ қаражатын тарту бойынша іс-шаралар өткізді, олар жоғарыда аталған экспортқа бағдарланған жобаларды қаржыландыру көлемін анағұрлым ұлғайтуға және сыйақы мөлшерлемелерін азайтуға мүмкіндік береді. Республикалық бюджет қаражаты есебінен арзандатылатын инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 81 253,0 млн. теңгені құрайды, олар қолжетімді мөлшерлеме бойынша кейіннен АӨК субъектілерін кредиттеу үшін жылдық 9,17% бойынша ЕДБ қорландыру және жылдық 11,28% бойынша Корпорацияның тікелей қарыз алушылары үшін бағытталатын болады. ҚР Ұлттық экономика министрлігінен қаражат тартудың орындылығы жөніндегі оң қорытынды алынды.

**2016 ЖЫЛЫ КОРПОРАЦИЯ ҚАРЖЫ АГЕНТТІКТЕРІНІҢ ТІЗБЕСІНЕ ЕНДІ**

Корпорация алдағы уақытта қызмет тиімділігін арттыру және өз клиенттеріне қызмет көрсетуді жақсарту үшін негізгі бизнес-үдерістерді автоматтандыруды жалғастыратын болады.

Кредиттік серіктестіктерді (Алматы облысы), микроқаржы ұйымдарын (Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан) қорландыру арқылы «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы бағдарламасын іске асыруға қатысады.





"АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ" АҚ

АО "АГРАРНАЯ КРЕДИТНАЯ КОРПОРАЦИЯ"

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



# «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы

## Қаржылық есептілік

*2015 жыл үшін*
*тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысымен*

EY
Building a better working world

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

## Тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамның Акционері мен Басшылығына

Біз қоса беріліп отырған «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша - «Корпорация») 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда мен шығыстар туралы есептен, жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

### *Қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі*

Корпорация басшылығы осы қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге, сондай-ақ басшылықтың пікірінше адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

### *Аудиторлардың жауапкершілігі*

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит қаржылық есептілікте берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған процедуралардың орындалуын қамтиды. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ Аудит таңдалған есеп саясатының орындылығы мен компанияның басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін бағалауды және тұтас қаржылық есептіліктің берілуін бағалауды қамтиды.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.

Building a better
working world

*Пікір*

Біздің ойымызша қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамның 2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP

Евгений Жемалетдинов
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 №0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

Аудитордың 2003 жылғы 24 желтоқсандағы № 0000553 біліктілік куәлігі

2016 жылғы 18 наурыз

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2015 жылдың 31 желтоқсанына**

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | 2015 жылғы 31 желтоқсан | 2014 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 5 | **7.414.124** | 1.518.118 |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | 6 | **9.243.167** | 107.523 |
| Клиенттерге берілетін несиелер | 7 | **124.504.541** | 100.605.389 |
| Жылжымайтын мүлікке инвестициялар | 8 | **359.573** | 74.599 |
| Негізгі құралдар | 8 | **244.758** | 205.189 |
| Материалдық емес активтер | 9 | **175.247** | 206.628 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер | 15 | **233.574** | 422.490 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер | 15 | **427.022** | 565.562 |
| Сатуға арналған активтер | | **5.250** | 10.500 |
| Басқа да активтер | 10 | **1.362.163** | 1.935.233 |
| **Активтер жиыны** | | **143.969.419** | 105.651.231 |
| **Міндеттемелер** | | | |
| Несиелік ұйымдардың қаражаты | 11 | **–** | 2.012.375 |
| Акционердің алдындағы берешек | 12 | **27.360.358** | 12.532.609 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 13 | **27.742.150** | 2.883.066 |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | | **19.942** | 59.779 |
| Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері | | **152.885** | 133.914 |
| Басқа да міндеттемелер | 14 | **230.230** | 125.258 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **55.505.565** | 17.747.001 |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 16 | **94.227.371** | 94.227.371 |
| Қосымша капитал | | **5.291.347** | 4.296.627 |
| Резервтік капитал | | **1.086.111** | 1.036.490 |
| Шартты бөлу резерві | | **(8.594.957)** | (7.521.118) |
| Жинақталған дефицит | | **(3.546.018)** | (4.135.140) |
| **Капитал жиыны** | | **88.463.854** | 87.904.230 |
| **Міндеттемелер мен капитал жиыны** | | **143.969.419** | 105.651.231 |
| **Бір акцияның баланстық құны (теңге)** | | **936,97** | 930,70 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Гүлназ Төреханқызы Атамқұлова — Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2016 жылғы 18 наурыз

*6-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ПАЙДА МЕН ШЫҒЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | 2015 | 2014 |
|---|---|---|---|
| **Пайыздық кірістер** | | | |
| Клиенттерге берілетін несиелер | | **10.088.673** | 7.148.646 |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | | **540.437** | 532.856 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | | **575.443** | 104.587 |
| РЕПО операциясынан түскен кіріс | | – | 11.759 |
| | | **11.204.553** | 7.797.848 |
| **Пайыздық шығыстар** | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | | **(1.889.074)** | (1.009.852) |
| Несиелік ұйымдардың қаражаты | | **(55.155)** | (221.340) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | | **(1.414.937)** | (340.463) |
| Мемлекеттік және бюджеттен тыс ұйымдардың алдындағы берешек | | **(3.056)** | (4.680) |
| | | **(3.362.222)** | (1.576.335) |
| **Таза пайыздық кіріс** | | **7.842.331** | 6.221.513 |
| Несиелердің құнсыздану резерві | 6, 7 | **(3.557.741)** | (2.517.182) |
| **Құнсыздану резервін шегере отырып таза пайыздық кіріс** | | **4.284.590** | 3.704.331 |
| Валюта баптарын қайта бағалаудан болған таза кірістер / (залалдар) | | **14.129** | (29.251) |
| Дилинг операцияларынан түскен кіріс | | – | 99.300 |
| Басқа да кірістер | | **397.067** | 131.404 |
| **Пайыздық емес кірістер** | | **411.196** | 201.453 |
| Қызметкерлер құрамының шығыстары | 17 | **(1.861.433)** | (1.600.122) |
| Басқа да операциялық шығыстар | 17 | **(1.243.335)** | (1.032.307) |
| **Пайыздық емес шығыстар** | | **(3.104.768)** | (2.632.429) |
| **Пайда салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда** | | **1.591.018** | 1.273.355 |
| Пайда салығы бойынша шығыс | 15 | **(505.689)** | (777.148) |
| **Есепті жылғы пайда** | | **1.085.329** | 496.207 |
| **Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)** | | **11,52** | 5,88 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Гүлназ Төреханқызы Атамқұлова — Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2016 жылғы 18 наурыз

*6-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | 2015 | 2014 |
|---|---|---|---|
| **Есепті жылғы пайда** | | **1.085.329** | 496.207 |
| Басқа да жиынтық кіріс | | – | – |
| **Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны** | | **1.085.329** | 496.207 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Гүлназ Төреханқызы Атамқұлова — Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2016 жылғы 18 наурыз

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

### 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

*(мың теңгемен)*

| | *Жарғылық капитал* | *Қосымша төленген капитал* | *Резервтік капитал* | *Шартты бөлу резерві* | *Жинақталған дефицит* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | 74.227.371 | 4.296.627 | 992.725 | (6.320.292) | (4.193.698) | 69.002.733 |
| Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны | – | – | – | – | 496.207 | 496.207 |
| Шартты бөлу бойынша резерві қалыптастыру *(16-ескертпе)* | – | – | – | (1.200.826) | – | (1.200.826) |
| Жарғылық капиталды ұлғайту *(16-ескертпе)* | 20.000.000 | – | – | – | – | 20.000.000 |
| Дивидендтерді төлеу | – | – | – | – | (393.884) | (393.884) |
| Резервтік қорды ұлғайту *(16-ескертпе)* | – | – | 43.765 | – | (43.765) | – |
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | 94.227.371 | 4.296.627 | 1.036.490 | (7.521.118) | (4.135.140) | 87.904.230 |
| Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны | **–** | **–** | **–** | **–** | **1.085.329** | **1.085.329** |
| Акционерден алынған қарыздарды бастапқыда мойындаудан болған қосымша төленген капиталды тану *(16-ескертпе)* | **–** | **994.720** | **–** | **–** | **–** | **994.720** |
| Шартты бөлу бойынша резерві қалыптастыру *(16-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **(1.073.839)** | **–** | **(1.073.839)** |
| Дивидендтерді төлеу *(16-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **(446.586)** | **(446.586)** |
| Резервтік қорды ұлғайту *(16-ескертпе)* | **–** | **–** | **49.621** | **–** | **(49.621)** | **–** |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | **94.227.371** | **5.291.347** | **1.086.111** | **(8.594.957)** | **(3.546.018)** | **88.463.854** |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Гүлназ Төреханқызы Ағамұқалова — Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2016 жылғы 18 наурыз

*6-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | 2015 | 2014 |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Түскен пайыздар | | 6.971.177 | 5.980.985 |
| Төленген пайыздар | | (1.750.287) | (964.727) |
| РЕПО мәмілелері бойынша кірістер | | – | 11.759 |
| Туынды қаржы активтері бойынша іске асырылған кірістер | | 24.129 | 52.968 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша іске асырылған кірістер | | 14.129 | (29.251) |
| Дилинг операцияларынан түскен кірістер | | – | 99.300 |
| Қызметкерлерге төленген шығыстар | | (1.759.300) | (1.588.331) |
| Басқа да төленген операциялық шығыстар | | (1.087.908) | (943.253) |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары** | | 2.411.940 | 2.619.450 |
| *Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаюы* | | | |
| Клиенттерге берілетін несиелер | | (25.016.196) | 9.380.947 |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | | (8.985.859) | 8.389.445 |
| Басқа да активтер | | 598.657 | 76.588 |
| *Операциялық міндеттемелердің таза (азаюы)/көбеюі* | | | |
| Басқа да міндеттемелер | | 337.341 | 8.008 |
| **Табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен болған ақша қаражатының таза (пайдаланылуы)/түсуі** | | (30.654.117) | 20.474.438 |
| Төленген пайда салығы | | (158.453) | (263.720) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза (пайдаланылу)/түсімі** | | (30.812.570) | 20.210.718 |
| **Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары** | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | (94.157) | (51.424) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (22.018) | (28.075) |
| Сатуға арналған активтерді сату | | 5.250 | 7.000 |
| **Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза пайдаланылуы** | | (110.925) | (72.499) |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары** | | | |
| Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер | 16 | – | 20.000.000 |
| Несиелік ұйымдардан қаражаттың түсімі | | – | 7.000.000 |
| Несиелік ұйымдардың қаражатын өтеу | | (2.000.000) | (8.000.000) |
| Акционерден тартылған қарыз қаражатының түсуі | | 31.587.143 | 8.822.854 |
| Акционерден тартылған қарыз қаражатын өтеу | | (16.821.274) | (44.411.590) |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыз қаражатын өтеу | | (42.471) | (31.140) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | | 27.412.689 | 20.610 |
| Сатып алынған борыштық бағалы қағаздар | | (2.870.000) | (2.919.600) |
| Дивидендтерді төлеу | 16 | (446.586) | (393.884) |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімдері/(пайдалануы)** | | 36.819.501 | (19.912.750) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі** | | 5.896.006 | 225.469 |
| Есепті жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | 5 | 1.518.118 | 1.292.649 |
| **Есепті жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 5 | 7.414.124 | 1.518.118 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Гүлназ Төреханқызы Алимкулова — Басқарма Төрайымы

Ирина Николаевна Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2016 жылғы 18 наурыз

*6-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ҚОСЫМША АҚПАРАТ:

Негізгі бизнес-байланыстар

| Орталық аппарат | | | |
|---|---|---|---|
| Департамент | Директор | Телефон | Электрондық мекенжай |
| Аймақтық даму департаменті | Кенжебаева Айжан Рамазанқызы | +7 (7172) 55-99-60 | Kenzhebayeva.A @agrocredit.kz |
| Корпоративтік кредиттеу департаменті | Әділбеков Төлеген Серікқалиұлы | +7 (7172) 55-99-66 | Adilbekov.t @agrocredit.kz |
| Қазынашылық департаменті | Қаппасова Әсимгүл Төлегенқызы | +7 (7172) 55-99-39 | Kappassova.A @agrocredit.kz |
| Корпоративтік даму департаменті | Рақышева Әлия Болатқызы | 8 (7172) 55-99-34 | Rakisheva.A @agrocredit.kz |
| «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ байланыс орталығы | Тел.: +7 (7172) 55-99-90<br>Факс: +7(7172) 55-99-85<br>Бірыңғай анықтама қызметі: 8-8000-80-00-08 | | |
| Филиалдар | | | |
| Ақмола филиалы | Көкшетау қ., Абай көшесі, 96, 6-қабат, 607-612 каб., тел.: 8 (7162) 55-99-96, 55-10-96, 55-11-08<br>Филиалдың жеке орын-жайы: Астана қ., Иманов көшесі, 11, «Нұрсәулет-1» БО, 3-қабат, 405 каб.<br>Тел.: +7 (7172) 55-99-69 | | |
| Ақтөбе филиалы | Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 51, 1-корпус, сол жақ қанат, 1-қабат, 3-каб.<br>Тел.: +7 (7132) 70-47-14 | | |
| Алматы филиалы | Талдықорған қ., Абылайхан көшесі, 125, 3-қабат, тел.: 8 (728-2) 55-98-99, 55-86-51, 55-86-52<br>Филиалдың жеке орын-жайы:<br>Алматы қ., Гоголь көшесі, 111, 6- қабат, 605-609 каб.<br>Тел.: +7 (727) 330-75-03, +7 (727) 330-75-04, 30-71-99 | | |
| Атырау филиалы | Атырау қ., Сәтпаев көшесі, 13А, 4-қабат.<br>Тел.: +7 (7122) 30-72-22 | | |
| Шығыс Қазақстан филиалы | Өскемен қ., Д.Серікбаев көшесі, 1, 401-408 кеңсе.<br>Тел.: +7 (7232) 56-02-10 (11, 12, 13)<br>Факс: +7 (7232) 49-22-36 | | |
| Жамбыл филиалы | Тараз қ., Сүлейманов көшесі, 17, 2-қабат<br>Тел.: +7 (7262) 99-90-00 | | |
| Батыс Қазақстан филиалы | Орал қ., Ықсанов көшесі, 38, 3-қабат,<br>Тел.: +7 (7112) 55-47-09 | | |
| Қарағанды филиалы | Қарағанды қ., Бұқар-Жырау даңғылы, 51/1, 1-қабат, № 101-106 каб.<br>Тел.: +7 (7212) 55-99-87 | | |
| Қостанай филиалы | Қостанай қ., Бауман көшесі, «БОСС» БО, 3-қабат, 32,33,37 каб., Әл-Фараби даңғылы, 65, 4-қабат, 42-44 каб.<br>Тел.: +7 (7142) 54-43-84 | | |
| Қызылорда филиалы | Қызылорда қ., Қонаев көшесі, 33, 1-қабат<br>Тел.: +7 (7242) 55-17-99 | | |
| Павлодар филиалы | Павлодар қ., Крупская көшесі, 71Б, 3-қабат, № 301-307 каб.<br>Тел.: +7 (7182) 70-47-07 | | |
| Солтүстік Қазақстан филиалы | Петропавл қ., Бөкетов көшесі, 31А, «Әлем» БО, 201-205 кеңсе,<br>Тел.: +7 (7152) 55-97-30 | | |
| Оңтүстік Қазақстан филиалы | Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі, н/з, «ҚҚКО» ғимараты<br>Тел.: +7 (7252) 99-89-90 | | |

# Деректемелер

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ.
Иманов көшесі, 11, «Нұрсәулет–1» БО
БСН 010340000953
ЖСК (е/ш) KZ488560000000064992
«Банк ЦентрКредит» АҚ
БСК KCJBKZKX



"АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ" АҚ

АО "АГРАРНАЯ КРЕДИТНАЯ КОРПОРАЦИЯ"

www.kazagro.kz